

Қарағанды облысы білім басқармасының Нұра ауданы білім бөлімінің М.Сүлейменов
атындағы тірек мектеп (РО) КММ

М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО) КММ мектепке дейінгі білім беру
ұйымының
ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫ

2023-2024 жыл

Мазмұны

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер.
2. Мектепке дейінгі ұйымның тәрбие-білім беру қызметінің сапасы.
3. Заттық-кеңістіктік дамытушы орта.
4. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту
5. Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы.
6. Тәрбиеленушілердің даму мониторингі.
7. Тәрбиеленушілердің нәтижелілігі.
8. Кадр құрамы білікті қызметкерлердің болуы.
9. Даму перспективалары мен қорытындылары.
10. Қосымшалар.

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер. Қарағанды облысы білім басқармасының Нұра ауданы білім беру бөлімінің «М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Білім беру ұйымының толық атауы.

на казахском языке: Қарағанды облысы білім басқармасының Нұра ауданы білім беру бөлімінің «Мүшташ Сүлейменов атындағы тірек мектеп (ресурстық орталық)» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

на русском языке: Карагандинской Коммунальное государственное учреждение образования, Нуринаского района «Опорная школа Муташа Сулейменова (ресурсный центр)»

Білім беру ұйымының орналасқан жері (*заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы*).

на казахском языке: 100905, Қарағанды облысы, Нұра ауданы. Кертінді ауылы. Мүташ Сүлейменов көшесі 3 ғимарат.

на русском языке: 100905, Карагандинская область, Нуринаский район, село Кертинди, улица: Сулейменова 3.

3. заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт).

Тел./факс: 50-607 , 87058286042

e-mail: schosuleym@mail.ru

сайт:

4. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (директордың Т.А.Ә. лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі):

<https://docs.google.com/viewer?url=https://krguo.finistcom.kz/files/loader/1716792346337.pdf>

Директор м.а.: Нариманов Рахымтай Сектаевич

5. Мемлекеттік тіркелуі туралы анықтама:

6. «М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ.

Мектепалды сынып

Шағын орталық: «Еркемай» толық күндік
«Қарлығаш» жарты күндік

Шағын орталықтың жобалық қуаты: 2 топ - 35 бала.

Оқыту тілі: қазақ тілі.

Тәрбиеленушілердің жалпы саны: 32 бала.

Құрылған күні: «Еркемай» тобы 2014 жыл.

«Қарлығаш» тобы 2007 жыл

Жұмыс уақыты: 8:00 -18.00.

Мектепке дейінгі топтарында. Барлық стандартты талаптарға сәйкес келеді, СЭС және өрт қауіпсіздігінің барлық нормалары сақталған.

Талаптарға сәйкес жабдықталған 2 топтық бөлме (қабылдау, ойын, жатын бөлме, жуу бөлмесі, дәретхана кіреді); жұмыс істейді. Шаруашылық блогы, кір жуатын бөлме бар.

«М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ балаларды қабылдау «INDIGO»24.kz электрондық порталы арқылы жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі ұйымның жұмыс тәртібі- 8 сағат. Жұмыс аптасы - 5 күн.

«М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ шағын орталық қызметі шарттық қатынастар жүйесімен реттеледі:

- ЕСУТД жүйесі арқылы жұмыскерлермен жұмысқа қабылдау туралы шарт жасалынады (*Енбек.kz*);
 - шағын орталық ата-аналармен электрондық келісім-шарт «*INDIGO*»24.kz электронды түрде жүзеге асырылады.
 - жұмыс беруші мен қызметкерлер өкілі арасындағы ұжымдық шарт орнатылады.
- Мектепке дейінгі ұйымды басқару нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

Шағын орталық миссиясы:

«М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ мектепке дейінгі балалардың қабілеттерін ашуды және мектепте оқуға дайындықты қамтамасыз ететін шағын орталықта денсаулық сақтау және дамыту білім беру кеңістігін құруды қамтиды.

Біздің ұстанымымыз: барлық тәрбиеленушілердің сапалы білім алуына, зияткерлік, рухани дамуына және табысты тұлғаның қалыптасуына тең қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Мақсаты:

Тәрбиеленушілерді үйлесімді тұлғалық жан-жақты дамыту.

Міндеттері:

- Баланың денсаулығын қалыптастыру, сақтау, нығайту бойынша шағын орталық жұмыс жүйесін жетілдіру;
- Бала денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында балаларға жеке көз-қарасты қалыптастыру.
- жаңа технологияларды қолдана отырып, отбасы мен шағын орталық арасындағы ынтымақтастықты жалғастыру.
- Балалардың танымдық-сөйлеу дамуына кешенді көзқарас қалыптастыру. Сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға, үйлесімді сөйлеуге және мектеп жасына дейінгі балалардың әр түрлі іс-әрекеттер арқылы өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал ету.

2. Мектепке дейінгі ұйымның тәрбие-білім беру қызметінің сапасы.

1 Оқу-әдістемелік жұмыс

1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҮОЖ) талаптарына сәйкестігі;

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>

Бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі; 2021-2022,2022-2023,2023-2024. оқу жылдарының жұмыс оқу жоспарлары тексерілді.

2) білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>

Үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы

Ұйым тәрбиешілері мен педагог мамандар өзінің шеберлігі мен біліктілігін үнемі арттырып отырады. Семинарлар, тренингтер, педагогикалық кеңестер, әдістемелік отырыстар өткізіледі. Өз білімдерін жетілдіру мақсатында курстардан уақытылы өтеді. Аудан, облыс, көлемінде ұйымдастырылған байқауларға, семинар конференцияларға қатысып өз іс-тәжірибелерімен бөліседі. Сондай-ақ тәрбиеленушілерді байқауға дайындап қатыстырады.

Педагогикалық ұжымның сандық құрамы.

Мұғалімдердің ұстанымы	дана	білім беру					
		Жоғары/аспирант ура	жоғары /аспирантура мектепке дейінгі мекеме	орташа спец./жалпы орт.	кәсіби қайта даярлау сертификаты	аяқталмаған	
						жоғары/аспирант ура	Орташа білім
директор	1		1				
әдіскер	1		1		1	1	
тәрбиешілер	4		3	1			

Мемлекеттік білім беру ұйымы **басшыларының** аттестаттаудан өткені туралы мәліметтер үш жылда бір рет (*аттестаттаудан өткен күні, бұйрықтың нөмірі, санаты (бар болса)*)

педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы **мәліметтер** кемінде бес жылда бір рет:

Санаты	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
Шебер- ұстаз											
Зертеуші-педагог											
Педагог-сарапшы											
Педагог - модератор											
Жоғары санат											
Бірінші санат											
Екінші санат педагог					1						

жалпы												
-------	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Қызмет атауы	2015 ЖЫЛ	2016 ЖЫЛ	2017 ЖЫЛ	2018 ЖЫЛ	2019 ЖЫЛ	2020 ЖЫЛ	2021 ЖЫЛ	2022 ЖЫЛ	2023 ЖЫЛ	2024 ЖЫЛ	2025 ЖЫЛ	2026 ЖЫЛ
Директор												
Методист												

басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер кемінде үш

жылда бір рет:

Педагогикалық мамандардың білімі туралы

Оқу жылдары	Жалпы педагог саны	Жоғары білім	Арнаулы орта
2020-2021	6	5	1
2021-2022	6	5	1
2022-2023	6	5	1

Тәрбиешілер мен педагогтарды базалық білімі туралы мәлімет

Жылы	Жалпы педагог саны	Мектепке дейінгі білімі бар педагогтер саны	Басқа педагогтер
2023-2024 оқу жылы	6	5 (әдіскер – 1, тәрбиешілер – 4.)	1 (музыка жетекшісі– 1, педагог психолог-1, қазақ тілі-1)

2023-2024 оқу жылындағы педагогтердің сапалық құрамы. 1-қосымшада

<http://docs.google.com/viewer?url=https://krguo.finistcom.kz/files/loader/17171672962>

[11.pdf](#)

№	Мұғалімнің аты-жөні	Туылған күні, айы, жылы	Бітірген оқу орны, жылы	Мамандығы	Беретін пәні	Пед өтілі	Санаты
1	Аринова Жанар Ораловна	07.01.1963	Қарағанды қаласы «Болашақ» академиясы мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу.08.06.2015ж	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Тәрбиеші	11 жыл	2 санат Екінші санат №49 02.07.2018
2	Искендірова Гүлдана Кенесовна	14.11.1970	Қарағанды қаласы «Болашақ» университеті мектепке дейінгі оқу және	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Тәрбиеші	10 жыл	

			тәрбиелеу.31.05.2014				
3	Бірлік Торғай	31.12.1980	Қарағанды қаласы «Болашақ» академиясы "мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу" 06.05.2016 ж	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Тәрбиеші	9 жыл	
4	Аманжолова Махаббат Өсербайқызы	21.05.1977	Қарағанды қаласы "Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық техникалық колледжі "мектепке дейінгі мекеменің тәрбиешісі" 23.06.2016	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Тәрбиеші	2 жыл	
5	Усенбаева Мөлдір Мұхтаржанқызы	11.05.1991	"Аймақтық әлеуметтік-инновациялық уневерситеті" педагог-психолог 20.04.2018	Шағын орталық әдіскері		4 жыл	
6	Оразбекова Гулдана Ералықызы	04.07.1986	Астана гуманитарный колледж. Қосымша 01140200 "Музыкалық білім беру" 05.09.2023ж	музыка		0,4	

3. Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы.

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға критерийлер ссылақ

3-қосымшада

<https://docs.google.com/viewer?url=https://krguo.finistcom.kz/files/loader/1717169358466.pdf>

«Еркемай» шағын орталық тобы толық күнмен– 1 топ жұмыс жасайды.

«Қарлығаш» шағын орталық тобы жарты күнмен-1 топ жұмыс жасайды.

«М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ мектепке дейінгі ұйымы бойынша тәрбиеленушілер контингентінің жас құрамын соңғы 3 жылға сандық талдау:

«Еркемай» шағын орталық тобы толық күнмен және «Қарлығаш» шағын орталық тобы жарты күнмен жұмыс жасайды 2 жастан 5 жасқа дейінгі балалар тәрбиеленуде және білім алуда. Балаларды мектепке дейінгі ұйымына қабылдау кезінде ата-аналармен электрондық келісімшарттар жасалады, олар мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар (немесе оларды алмастыратын адамдар) арасындағы қатынастарды нақты анықтайды.

Топтың атауы	Жас ерекшеліктері	Бала саны	оның ішінде				
			1жастан бастап	2 жастан бастап	3 жастан бастап	4жас тн бастап	5 жастан бастап
2021-2022 оқу жылы							
Еркемай	Аралас тобы	23	-	4	8	11	-
Қарлығаш		12	-	4	4	4	-
Топтың атауы	Жас ерекшеліктері	Бала саны	оның ішінде				
			1жастан бастап	2 жастан бастап	3 жастан бастап	4жас тн бастап	5 жастан бастап
2022-2023 оқу жылы							
Еркемай	Аралас	25	-	4	8	13	-

Қарлығаш	тобы	14	-	7	4	3	-
Топтың атауы	Жас ерекшеліктері	Баланың саны	оның ішінде				
			1 жастан бастап	2 жастан бастап	3 жастан бастап	4 жасқа бастап	5 жастан бастап
2023-2024 оқу жылы							
Еркемай	Аралас	19	-	9	4	6	-
Қарлығаш	тобы	13	-	3	4	3	2

Қорытынды:

- Шағын орталық «Еркемай» «Қарлығаш» шағын орталығына бөлінетін мемлекеттік тапсырысқа сәйкес жасақталған. Ата-аналардың шағын орталық қызметіне қанағаттану деңгейі өте жоғары, бұған шағымдардың болмауы және оқу процесін ұйымдастыруда ата-аналар тарапынан көптеген алғыс сөздер дәлел бола алады.
- Тәрбиеленушілер контингенті мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балаларды жинақтау бір тәрбиеленушіге тиесілі оқу алаңының бекітілген санитариялық қағидаларына және жобалық қуатына сәйкес жүргізілетінін көрсетеді. Балалар контингентінің өзгеруі жас өлшемі бойынша қаралады. Тәрбиеленушілердің контингенті жаңа оқу жылының басында топтардың жасақталуына сәйкес өзгереді.

Мәселелері:

- көптеген ата-аналардың «Индиго»24kz сайтындағы балабақшаға кірген кезде балаларға электронды келісім-шарттар жасасуға білмеуі және дайын болмауы.

Шешу жолдары:

- балаларды мектепке дейінгі ұйымға кезекке қою және қабылдау мәселелері бойынша ата-аналардың құзыреттілігін арттыруға бағытталған әлеуметтік желілер арқылы ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Соңғы 2 жылдағы тәрбиеленушілерінің тізімдік құрамын талдай отырып, шағын орталықта жас топтарының толымдылық нормативтері ҚР МЖДТ талаптарына сәйкес келетінін атап өткен жөн.

Мектепке дейінгі ұйымдағы жас топтарының саны – 2, оның ішінде:

Мемлекеттік тілде оқытатын 2 топ- «Еркемай», «Қарлығаш»

Мектепке дейінгі балаларды шағын орталыққа қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 маусымда №20883 тіркелген бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Балаларды қабылдау «INDIGO»24.kz электрондық порталы арқылы жүргізіледі, онда электрондық жолдама негізінде мектеп жасына дейінгі баланың ата-аналарымен электрондық шарт жасалады.

4. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту

Шағын орталықтарда ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға мейлінше қолжетімді білім алу үшін жағдай жасалынған. Мектепке дейінгі ұйымның орталық кіреберісінде мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған пандус бар.

«Еркемай» және «Қарлығаш» шағын орталығында балалардың денсаулығын сақтауға және мектепке дейінгі ұйымда күні бойы қауіпсіз болуға үлкен көңіл бөлінеді.

Мектеп аумағы барлық периметрі бойынша бетон қоршаумен қоршалған. Қақпалар мен шаруашылық қақпаларында қоңырау тетігі бар.

Шағын орталықта тәулік бойы бейнебақылау жүргізіледі. Заманауи бейнебақылау жүйесі шағын орталықта барлық аумағын, ғимаратқа кіреберістерді, топтар мен дәліздерді қамтиды. Шағын орталықта 6 бейнекамера орнатылған, оның ішінде 3– сыртқы және 3 – ішкі. Аумақта түнгі уақытта жарықтандыратын шам бағанасы орнатылған.

Сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымның ғимаратында өртке қарсы және күзет дабылы орнатылған, дабыл түймесі мен пульта бар.

Балалардың қауіпсіздігі мәселесі директордың м.а жеке бақылауында тұр.

5. Бағаланатын кезеңдегі тәрбиеленушілердің тізімі .

2021-2022 жыл

<https://docs.google.com/viewer?url=https://krguo.finistcom.kz/files/loader/1717075193283.pdf>

<https://docs.google.com/viewer?url=https://krguo.finistcom.kz/files/loader/1717057479258.pdf>

<https://docs.google.com/viewer?url=https://krguo.finistcom.kz/files/loader/1717054047369.pdf>

2022-2023 жыл

<http://docs.google.com/viewer?url=https://krguo.finistcom.kz/files/loader/1717158619351.pdf>

<http://docs.google.com/viewer?url=https://krguo.finistcom.kz/files/loader/1717157329293.pdf>

<https://docs.google.com/viewer?url=https://krguo.finistcom.kz/files/loader/1717159905434.pdf>

2023-2024 жыл

<https://docs.google.com/viewer?url=https://krguo.finistcom.kz/files/loader/1717164581474.pdf>

<http://docs.google.com/viewer?url=https://krguo.finistcom.kz/files/loader/1717163023442.pdf>

<http://docs.google.com/viewer?url=https://krguo.finistcom.kz/files/loader/1717160849415.pdf>

1. Білім беру мен оқытудың нәтижелеріне назар аударып, мазмұнның критерийлері.

«М.Сүлейменов атындағы тірек мектеп (РО)» КММ тәрбие процесі балалардың барлық уақытында жүреді, ол білім берумен тығыз байланысты. Баланы тәрбиелеу және оқыту егер ол жүйелі болса, сәтті болады, сондықтан біз оның педагогикалық қызметінің негізгі міндеттері мынадай деп санаймыз:

1. Жеке тұлғаны қалыптастыру мен қалыптастырудың негізі ретінде гендерлік, отбасылық, азаматтық қатыстылыққа, адамгершілік - патриоттық сезімдер мен төзімділікке тәрбиелеу.
2. Білім беру жұмысына тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша көркем - эстетикалық бағыттағы заманауи технологияларды енгізу.
3. Дене шынықтыру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың өмірін жандандыру, педагогтер мен ата-аналардың белсенді өзара әрекеттесуі арқылы балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Тәрбиешілер мен мамандардың жұмысын бақылау нәтижелері бойынша мыналар анықталды: педагогтер білім беру мен даму процесін дараландыруды қамтамасыз етеді, әр баланың ерекше қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін пайдаланады. Өз жұмысында баланы ашуға, оның жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін анықтауға ықпал ететін проблемалық, эксперименттік – іздестіру, эвристикалық әдістер мен тәсілдер, баланың тәуелсіздігін, бастамасы мен шығармашылығын белсендіретін ойын және дәстүрлі емес әдістер мен тәсілдер қолданылады.

Балалар мен тәрбиешілер арасындағы тұлғааралық қарым-қатынаста өзара түсіністік байқалады, жұмыстың негізгі әдісі-тәрбиеші мен бала серіктестік қарым-қатынас жасай отырып, «тең» қарым-қатынаста болған кезде ынтымақтастық педагогикасы қалыптасады. Осылайша, балалармен жұмыс тәжірибесінде педагогтер мен балалар арасындағы адамгершілік қатынастар басым болады деп қорытынды жасауға болады.

Барлық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттер ойын түрінде өтеді.

Шағын орталықтағы толық күндік оқыту мен тәрбиелеу күні үш блокқа бөлінеді:

1. Таңертеңгі білім беру блогы - тәрбиешінің баламен бірлескен іс-әрекеті және балалардың өзіндік іс-әрекеті.
2. Даму блогы - ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін қамтиды.
3. Кешкі білім беру блогы - тәрбиешінің баламен бірлескен іс-әрекетін және балалардың тәуелсіз іс-әрекеті.

Барлық іс-шаралар ойынға бағытталған. Ойын жағдайында әртүрлі дағдыларды игеру жүреді, қабылдау, ойлау, есте сақтау деңгейі артады. Ойын-балалардың маңызды психикалық қасиеттері мен шығармашылық қабілеттерін дамытудың қуатты құралы. Оқу қызметін ұйымдастыру кезінде педагогтер ұйымдастырылған іс-әрекетін өткізудің әртүрлі нысандарын (дәстүрлі, дәстүрлі емес, интеграцияланған, кешенді, сараланған, топтық, кіші топтар бойынша, жеке) пайдаланады. Ұйымдастырылған іс-әрекетін ойын және ертегі сюжеттерімен байытылған. Ойын жоспарына қызығушылық танытқан бала жасырын оқу тапсырмасын байқамайды.

«Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңды орындау мақсатында шағын орталықтарда мектеп жасына дейінгі балаларды қазақ тіліне оқыту, Қазақстан Республикасында тұратын халықтардың ұлттық – мәдени дәстүрлерімен таныстыру үшін жағдай жасалған.

Мектепке дейінгі ұйымда қазақ тілін оқытуда балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлері: ұйымдастырылған іс-әрекет, ойын, еңбек, режимдік сәттер арқылы оқытуды көздейді.

Жыл сайын «Тілдер күні», «ҚР Тұңғыш Президенті күні», «ҚР Тәуелсіздік күні», «Наурыз», «Қазақстан Халықтарының Бірлігі күні», «ҚР Конституциясы күні» атты мерекелер, ертеңгіліктер және тақырыптық сабақтар мен әңгімелесулер өткізіледі. Сондай-ақ шағын орталықта «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша жоспарға сәйкес іс-шаралар өткізіледі.

Жыл сайын жылдық жоспарда «ата-аналармен жұмыс» бөлімінде бірқатар іс-шаралар жоспарлануда. Ата-аналарға балаларды тәрбиелеудің, оқытудың және дамытудың тиімділігін арттыруға практикалық көмек көрсету мақсатында оқу жылы бойы шағын орталықта тәрбиешілердің жоспары бойынша топтық ата-аналар жиналысы өткізіледі. Мамандар консультациялар, тренингтер, семинар - практикумдар өткізеді. Жыл сайын ата-аналардың қатысуымен көрмелер мен байқаулар өткізіледі.

МДҰ қызметкерлерінің азаматтық ағартуы «жалпыға бірдей құқықтық оқыту» нысанында өтеді. Айына 1 рет өткізілетін сабақтарда педагогтар ұжымды ҚР Заңдарымен, мемлекеттік бағдарламалармен таныстырады.

Қызметкерлердің кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау үшін МДҰ әкімшілігі мен шағын орталық қызметкерлері арасында ұжымдық шарт жасалды.

Осылайша, шағын орталық жұмысын талдай отырып, балалардың, қызметкерлер мен ата-аналардың құқықтары сақталатынын атап өтуге болады. Шағын орталықта жүргізілетін оқу-тәрбие жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің МЖМБС іске асыруға мүмкіндік береді.

Күшті жақтары:

- Балалармен ұйымдастырылған іс-әрекетін өткізу;
- Тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және дамыту бойынша педагогтар мен ата-аналардың бірлескен қызметі.
- МДҰ қызметіне жас ата-аналардың қатысуы.

Әлсіз жақтары:

- Ата-аналардың балаларын дамытуға жауапкершілігінің аздығы;
- қоғаммен жұмыс және ата-аналармен бірлескен жұмыстың шектеулі болуы.

Шешу жолдары:

- Басқа ұйымдармен (мектеп, кітапхана) мазмұнды байланыстар есебінен мектепке дейінгі ұйымда тәрбие жұмысын күшейту.
- Офлайн, ZOOM платформалары арқылы ата-аналармен, қоғаммен жұмысты күшейту, қашықтықтан байланыс арқылы байланыс орнату.

«Денсаулық» білім беру саласы бойынша балалардың өз бетінше қимыл-қозғалыс іс-әрекеттеріне, дене бітімі мен психикасын қолайлы сезінуін қамтамасыз ететін қимылды ойындар жиынтығы, картотекалар, лэпбук, атрибуттар (секіргіштер, ленталар, гантельдер, кеглилар, әр түрлі көлемдегі доптар, батуттар, табан бұлшық еттерін жетілдіруге арналған массажды төсеніштер, құм салынған қапшықтар, гимнастикалық обручтар, доғалар, секіруге арналған қаптар, эстафеталық жарыстарға арналған атрибуттар, доп батуттар, түрлі ойын материалдары бар.

«Қатынас» білім беру саласы бойынша балаларға арналған бағдарламалар бойынша кітапшалар, тақырыптық суреттер картотекасы, тақпақ әңгіме құрауға арналған жиынтықтар, балаларға арналған иллюстрациялы қызықты кітаптар, тіл дамытуға арналған шығармалар (қазақ ертегілері, балалар әндері, күйлер, дәстүрлі әндер, терме толғаулар, бесік жырлары) Сондай-ақ қуыршақ театры, ертегі кейіпкерлерінің маскалары, жұмбақтар мен мақал-мәтелдер жиынтығы, лэпбуктер (тіл дамытуға арналған суреттер, мақалдар, қысқа әңгімелер)

«Таным» білім беру саласы бойынша әр баланың танымдық іс әрекетінің және заттардың қасиетін білу, математикалық ұғымдарын түсіну бағытындағы жеке дамуына әсер ететін сенсорлық-дидактикалық ойындар (мозаикалар, пазлдар түрлері, үлестірмелі геометриялық пішіндер, санауға арналған көрнекіліктер (түрлі түсті үлкен сандар, санауға арналған магнитті такта), өлі және тірі табиғатқа арналған суреттер жиынтығы, видео фильмдер, слайдтар, жыл мезгіліне сай безендірілетін табиғат бұрышы, «Аула» макеті, «Үй жануарлары» макеті, «Жәндіктер» макеті, «Су асты әлемі» макеті, «Өлі табиғат» құралдары (тастар, құм, топырақ салынған құтылар, түрлі түсті тұз салынған құтылар, дәнді дақылдар салынған құтылар), тірі табиғатты зерттеуге арналған аквариумдағы балықтар және бөлме өсімдіктері және өсімдіктерді күтіп баптауға арналған құралдар, бақылауға арналған терезе алдындағы бау бақшада ыдыстарға отырғызылған пияздар мен аскөк бар. Жыл мезгілдерін құрастыруға арналған матадан дайындалған фланелеграф, күнделікті ойнайтын ойыншықтар: қуыршақтар, транспорт түрлері, ыдыс аяқ жиынтықтары, жұмсақ ойыншықтар, ұсақ ірі құрылыс ойыншықтары, «Сиқырлы такта» жобасы аясында әзірленген дойбы бұрышы бар.

«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша балалардың бейнелеу іс-әрекетіне жеке пайдалануға арналған түрлі түсті қарындаштар, акварель бояулары, гуашь, ермексаздар, дәстүрден тыс сурет салу материалдары (мақталы таяқша, түтікшелер, губка, трафареттер, таңбалар, тіс пастасы, балауыз бояулар, т.б.), түрлі қораптарға жинақталған мата түрлері, конфет қағаздары, атлас ленталар, кесте төгуге арналған жіптер мен құралдар, ілгектер, тоқыма жіптер, фетр маталар, балалар жұмысын ілуге арналған такта бар. Музыкалық құралдармен таныстыру бағытындағы музыкалық дидактикалық ойындар жинағы және картотекалар, аудио таспа, аудио тасымалдағыш, атақты композитор күйшілер порттері, балаларға арналған музыкалық сылдырмақтар, барабан, ксилофон, үрмелі аспаптар, музыкалық колонка және музыкалық синтезатор бар.

«Әлеумет» білім беру саласы бойынша сюжеттік-рольді ойындардың жиынтығы, жол ережесі макеті, қоршаған ортадағы дыбыстар аудио таспасы, патриоттық тәрбиеге баулу үшін жасақталған бұрышта түрлі ұлт өкілдерінің ұлттық киімдерін киген қуыршақтар, киіз үй макеті, Қазақстанның картасы макеті, патриоттық тәрбиеге арналып жасалған ширма-папкалар, үлестірмелі жалаушалар жинақталған. Әлеуметтік ортаны бейнелейтін ойыншықтар, ойыншық жиһаз, «Жатын бөлме» макеті, ойыншық ыдыстар жиынтығы, түрлі театрлар: қуыршақ, саусақ, үстел үсті. Балалардың ертеңгілік қойылымдарға және рольдік ойындарға арналған костюмдар бұрышы. Желілі-рольді ойындар (шаштараз, асхана, емхана). Табиғатты бейнелейтін суреттер жиынтығы, танымдық бағыттағы жыл мезгілдеріне және өтпелі тақырыптарға арналып жасалған лэпбуктер бар.

«М. Монтессори» әдістемесі – бұл әдіс балаға қоғамдағы өмірге бейімделуге мүмкіндік береді, әлемді өзі тандаған тәсілдермен зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл белгіленген ережелер түрінде ұсынылған тұтас білім беру жүйесі. Бұл баланың дамуына және оның қоғамға бейімделуіне оңтайлы жағдай жасайды.

Ф. Фребель әдістемесі бойынша дамытушы бағдарлама. Ойынның көмегімен бұл әдіс баланы әлемді білуге, оның негізгі мақсатына, табиғатпен өзара әрекеттесуге ынталандырады және бағыттайды. Мұнда жаратылыстану және жаратылыстану ғылымдары ерекше орын алады, сондықтан бала заттардың мәнін және айналасындағы әлемді оңай біледі.

Воскобовичтің әдістемесі бойынша ойын технологиясы. Технология алынған теориялық білімді практикалық әрекеттер арқылы түсінуге және есте сақтауға негізделген, бұл практикалық бөлімнен теорияға дейінгі ерекше жол.

Кюизенер таяқшалары - санауға арналған таяқшалар жинағы, «әр түсті таяқшалар», «түсті сандар» Жинақ төртқырлы, 10 түрлі түстен және ұзындықтары 1 -10 см таяқшалардан тұрады. Кюизенер таяқшалары көпфункционалды математикалық құрал болып табылады, бала «қолы арқылы» сан қатары, сан құрамы, «көп-аз», «оң-сол», «арасында», «ұзын», «биік» т.б. түсініктерді қалыптастыруға көмек береді. Жинақ бала шығармашылығын, қиялын, ойын, таным белсенділігін, қол моторикасын, көрнекі-нақты ойлауын, зейінін, кеңістікті бағдарлауды, қабылдауды, құрастыру қабілеттерін дамытады.

Оқу процесін талдау шағын орталықтарда дамытушылық оқыту элементтері, балалар іс-әрекетінің міндетті мотивациясы, балалармен әр түрлі технологиялар қолданылатындығын көрсетті және авторлық бағдарламаларды қолдану мектепке дейінгі ұйымның педагогтеріне шағын орталықта өткізілетін келесі іс-шараларда кәсіби шеберлікті, шығармашылықты, мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтерінің аудандық семинарлары және басқаларын көрсетуге мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі ұйымның әдістемелік қызметі МДҰ психологиялық қызметінің жұмысын үйлестіреді. Біздің шағын орталықтың психологиялық қызметінің негізгі мақсаты-білім беру процесінің барлық субъектілеріне дамудың, оқытудың, әлеуметтенудің өзекті мәселелерін шешуге көмектесу.

Бағаланатын кезеңге арналған оқу жұмыс жоспары

<http://docs.google.com/viewer?url=https://krguo.finistcom.kz/files/loader/1716793576389.pdf>
<https://docs.google.com/viewer?url=https://krguo.finistcom.kz/files/loader/1716793456354.pdf>
<https://docs.google.com/viewer?url=https://krguo.finistcom.kz/files/loader/1716793859442.pdf>

Бағаланатын кезеңге арналған оқу преспективалық циклограмма жоспарлары, сылка

<https://krguo.finistcom.kz/loader/fromorg/486/7798?lang=ru>

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне критерийлер:

- 2021-2022 оқу жылына тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын

талаптардың сәйкестігі және сақталуы

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі үлгілік оқу жоспарларында белгіленеді.

Балаларға арналған апталық оқу жүктемесінің көлемі қазақ тілінде оқыту келесідей:

1) ерте жастағы топ (1 жастан бастап)-ұзақтығы 7-10 сағат 7 сағат

минут;

2) кіші топ (2 жастан бастап) - ұзақтығы 10-15 минут 9 сағат;

3) орташа топ (3 жастан бастап) - ұзақтығы 15-20 минут болатын 11 сағат;

4) аға топ (4 жастан бастап)-ұзақтығы 20-25 минут болатын 12 сағат;

5) мектепалды топ, мектепалды сынып (5 жастан бастап)-ұзақтығы 25-30 минут болатын 17 сағат.

2022-2023,2023-2024 оқу жылы

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бүлдіршіндерге (1-2 жас) және

мектеп жасына дейінгі балаларға (3-5 жас) арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларында айқындалады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарларын әзірлеу кезінде тәрбиеленушілердің жас,психофизиологиялық мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін

7. Мектеп жасына дейінгі жеке балалардың даму мониторингі

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы; Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы қыркүйекте аралық-қаңтарда және қорытынды-мамыр айында).

Мониторингтің мақсаты:

- баланың жетістіктерін қадағалау;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету;
- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру;
- баланың Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау.

Нәтижелер «Бақылау парағында» толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға Баланың жеке даму картасы толтырылады (4- қосымша). Мониторинг нәтижелері бойынша даму деңгейлері I, II деңгейдегі балалармен қосымша жеке жұмыстар жүргізіледі. Баланың жеке даму картасының «Дамыту, түзету іс-шаралары» бөлімінде мониторинг нәтижелері бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар баланы одан әрі дамыту іс-шараларын толтырады.

Педагогикалық диагностиканы тәрбиеші басқа да педагогикалық қызметкерлермен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырады.

<http://docs.google.com/viewer?url=https://krguo.finistcom.kz/files/loader/1717075227342.pdf>

<http://docs.google.com/viewer?url=https://krguo.finistcom.kz/files/loader/1717054372276.pdf>

<https://docs.google.com/viewer?url=https://krguo.finistcom.kz/files/loader/1717057177318.pdf>

2.3. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт- дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша:

Балаларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу міндеттерін іске асыру мақсатында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде мектепке дейігі ұйымда оңтайлы жұмыстар жүргізілуде. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткізілетін іс-шаралар жеке жұмыс жоспары негізінде, сондай-ақ шағын орталықтың жылдық жоспарында, өтпелі тақырыптарда айқындалған.

Мақсаты:

- Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласынан туындайтын міндеттерді жүзеге асыру;
- Ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдау;
- Тәрбиелеу-оқыту үрдісінде заманауи педагогикалық тәсілдер мен озық тәжірибелер, инновациялық технологияларды қолдану;
- Рухани жаңғыру жағдайында оқу қызметінде, тәрбиелік шараларда ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

2021-2022 оқу жылында: «Балабақша», «Менің отбасым», «Дені саудың-жаны сау», «Менің Қазақстаным!», «Салт-дәстүрлер және фольклор», «Әрқашан күн сөнбесін» өтпелі тақырыптары алынған, жылдық жоспарда Тіл мерекесіне арналған «Ана тілім- дара тілім!» атты мерекелік ертеңгілік, «Құрметтеймін туған тілімді!» тақырыптық ҰОҚ, Ұлы Абайдың 175 жылдығына «Абай –дана, Абай-дара қазақтан!» тақырыптық ҰОҚ, 1 желтоқсан Тұңғыш Президент күніне орай «Елін сүйген Елбасы!» мерекелік ертеңгілік, Тәуелсіздік мерекесіне орай «Тәуелсіздігімді жырлаймын!» мерекелік ертеңгілік, Алғыс айту күніне арналған тақырыптық ҰОҚ «Ризашылық пен алғыс», Аналар мерекесіне орай ертеңгіліктер, «Асыл, анам!» мерекелік ертеңгіліктер Наурызға арналған «Армысың, Әз Наурыз» мерекелік ертеңгіліктер, «Бесікке салу» рәсімі тақырыптық ҰОҚ, Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында «Бабалардың мұрасы - қош келдің, Әз, Наурыз!» АҰОҚ, 1 мамыр мерекесіне «Татулық бірлікте!» мерекелік - ертеңгілік, «Ел қорғауға дайынбыз!!», «Бейбітшілік жасасын!» мерекелік ертеңгіліктер «Дені саудың жаны сау» өтпелі тақырыбы бойынша өткізілген «Біз спортты сүйеміз!»- спорттық сайыс байқауы, мерекелік ертеңгілік жоспарланып өткізілді.

2022-2023 оқу жылының қыркүйек-ақпан айларында - «Балабақша», «Менің отбасым», «Менің Қазақстаным» өтпелі тақырыптары алынған, жылдық жоспарда Тіл мерекесіне арналған «Тілді сүю-тал бесіктен » ертеңгілігі, «Менің отбасым» өтпелі тақырыбы бойынша Отбасы күніне орай «Алтын ұям -мекенім» отбасылық сайыс, 1 қазан-Қариялар күніне орай өткізілген «Қарттарым-алтын қазынам» тақырыптық жоспарланып өткізілді. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, қалалық «Менің Отаным – Қазақстан» ата-аналар мен тәрбиеленушілер арасында өткізілген мәнерлеп оқу байқауларына шағын орталық ерекше ықыласпен қатыса отырып, жүлделі орындарға иеленді. Мектепалды сынып, және «Еркемай» шағын орталық 4-5 жастасы балалары Аудандық «Зерек бала» интеллектуалды сайысына қатысып жүлделі 2-орынға ие болды.

2023-2024 оқу жылында

«Білім күні» мерекесіне арналған ойын-сауық .«Тілдер күні». « Сақ болындар, балалар!» жол жүру қауіпсіздігіне арналған тақырыптарға өткіздік. Күз мерекесін ,Халық ертегілері бойынша қуыршақ театрын ұйымдастырылып өткізілді. «Тіс щетка патшалығы» атты денсаулық күніне өткізілді(ортаңғы балаларымен) «Тәуелсіздік күні» ертеңгілік. «Жаңа жыл» ертеңгілік, «Қысқы ермек» спорттық ойын-сауық өткізілді, мектепшілік Байқау ұйымдастылды,«Қардан жасалған қысқы құрастырмалар» (ата-аналар мен балалардың біріккен жұмысы). « Күлкі бәріңе жарық сыйлайды» атты сурет және фотосурет көрмесін өткізілді. Балалар суретінің көрмесі «Менің анамның суреті». «8 – Наурыз!» әйелдер күніне арналған ертеңгіліктер өткізілді. Этноапталық (этнопедагогикалық іс-шара) ұлттық құндылық көрмесі өткізілді. Сәуір айында 4-5 жас балаларымен Абай Құнанбаевтың өлеңдерін жатқа айту сайысына қатысты, Кенгуру интеллектуалды математикалық жарысқа қатысты 2-3-4-5 жастағы балалар жүлделі орындарға ие болды. «Салт-дәстүрлер және фольклор», «Отбасымен өткізген қызықты күндер» жобасы жоспарланып өткізілді

7.Оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының даму мониторингісі

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісі :

Әр жас тобында бағдарлама материалының мазмұнын игеруде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы «20-20 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хатында мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізуді ұйымдастыру және бұған негіздеме ретінде «Мектепке дейінгі балалық шақ»республикалық орталығының «Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу» әдістемелік ұсынымы оқу жылында, «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары» оқу жылдары, «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастырудың және жүргізудің әдістемелік ұсынымдары» оқу жылдары басшылыққа алынған.

Топтарда балалардың білім білік дағдыларына бастапқы, аралық, қорытынды жалпы мониторинг жүргізілген, бағдарламаның толық меңгергенін анықтайтын баланың жеке даму картасы толтырылған, баламен түзету жұмыстары жүргізілген. Тәрбиешілердің баланың өмірі мен денсаулығын сақтау циклограммасында «Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс» бөлімі, сондай-ақ, баланың жеке даму картасы толтырылған.

«Еркемай» «Қарлығаш» КМҚК-да 2021-2022 оқу жылдары Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторингі оқу жылының бастапқы, аралық, қорытынды диагностикасының нәтижелері бақылау парақтарында жазылған. Шағын орталықтарда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын бақылау бойынша мониторинг материалдары (қағаз, электронды) түрінде сақталған. Стандарт талаптарына сай бала дамуының 3 деңгейі болуын қарастырған және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылған.

Баланың даму мониторингі және нәтижелері: оқу жылдарында (жылына 3 рет балалардың даму мониторингі), оқу жылының басында қыркүйек айында бастапқы мониторинг, қаңтар айында аралық мониторинг жүргізілді. Тәрбиешілер әр диагностика нәтижесін бақылау парағында әр білім беру саласы бойынша толтырған. Бақылау парағында алынған мәліметтер негізінде Баланың жеке даму картасы жасалған. Баланың жеке даму картасының «Түзету іс-шаралары» бөлімін диагностиканың қорытындысы бойынша балармен жұмыс істейтін педагогтар толтырған. Баланың жеке даму картасының «Қорытынды» бөлімінде диагностиканың әр кезеңінен кейін баламен жеке түзету жұмысын жүргізу үшін педагогикалық процестің міндеттері мен мазмұнын айқындаған.

Мектепке дейінгі ұйымның әлді жақтары:

1. Мектепке дейінгі ұйымда әрбір тәрбиеленушінің жан - жақты дамуына қажетті санитарлық-гигиеналық және педагогикалық талаптарға сай жағдай жасалған;
2. Мектепке дейінгі ұйымы педагогикалық қызметкерлерінің базалық мектепке дейінгі тәрбие және оқыту білімі бар, білімі сай келмеген педагогтар «мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білім алып жатыр. Педагогикалық қауым болашағынан зор үміт күттіретін психологиялық тұрғыдан сау, ынталы, ұйымшыл, шығармашыл;
3. Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу - оқыту жұмысы жолға қойылған. Педагогтар мен тәрбиеленушілердің әртүрлі деңгейдегі конкурстарға, байқауларға қатысуы.

